

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
НҰР-МҰБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ҒИЛМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ИСЛАМТАНУ КАФЕДРАСЫ**

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
6B02201-«Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша**

Алматы, 2021

«6B02201 – Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан өткізу туралы ереже

Жалпыережелер

1. Осы Арнайы немесе шығармашылық емтихандарды өткізу қағидалары (бұдан әрі - шығармашылық емтихан) Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде шығармашылық даярлықты талап ететін Исламтану мамандығына түсетін талапкерлер үшін өткізіледі.

2. Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық; бағыттағы кәсіптерді меңгерудегі тұлғалық алғышарттарының болуын тексеру болыптабылады.

3. Шығармашылық; емтихандарды Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде құрылған қабылдау комиссиясы өткізеді.

4. Әрбір мамандық бойынша шығармашылық емтиханның саны екігетең.

5. Шығармашылық емтихан 2021 ж 8-13 шілде аралығында өткізіледі.

6. Мамандық бойынша шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны мен мазмұны жоғары оқу орнымен дербес анықталады.

7. Шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін құрамы Нұр-Мұбарак ЕИМУ ректордың бұйрығымен бекітілетін пәндік комиссиялар құрылады.

8. Шығармашылық емтихандардың кестесін (пәннің атауы, күні, уақыты және өткізілетін орны, кеңестер, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.

9. Нұр-Мұбарак ЕИМУ өткізетін шығармашылық емтихандар 40 балдық жүйе бойынша бағаланады. Шығармашылық емтиханның нәтижесі бойынша, олардың сәтті өткенін растайтын ең төменгі балл саны - 15 балл.

10. Бірінші шығармашылық емтиханда белгіленген балл санынан кем алған талапкерлер келесі емтиханға жіберілмейді. Университетке қабылдану үшін талапкер кемінде 50 балл жинауға міндетті, оның ішінде 1-блоктағы жеке пәндерден кемінде 5 балл, әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 15 балл жинаған ҰБТ мен кешенді тестілеуге қатысушылар қабылданады.

11. Жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білім туралы құжаты бар, қайта кешенді тестілеу нәтижесі бойынша шекті балды алмаған адамдар күндізгі оқу нысаны бойынша бірінші академиялық кезең мерзімі аяқталғанға дейін ақылы негізде шартты студент ретінде қабылданады.

2. Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі

12. Шығармашылық емтихандар өткізу аудиториясына жіберуді және емтиханды өткізу кезінде осы қағидаларды сақтауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтиханды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

13. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде аудиторияда бөтен

тұлғалардың болуына жолберілмейді.

14. Талапкер шығармашылық емтиханға кестеде көрсетілген мерзімде келеді. Талапкер аудиторияға емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын жіберіледі.

15. Талапкер шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттарын қабылдағаны туралы қолхатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.

16. Шығармашылық; емтиханды өткізу кезінде бір орыннан басқа орынға ауысуға, емтихан материалдарымен алмасуға, көшіріп алуға, аудиторияға оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, мобильді байланыс құралдарын кіргізуге және қолдануға тыйымсалынады.

17. Шығармашылық емтихандар тыныш және қолайлы жағдаймен қамтамасыз етіледі, талапкерлерге өз білімі мен білік деңгейін толық көрсете алуына барынша мүмкүндік жасалады.

18. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкерлерге және оны өткізу үшін тартылған жоғары оқу орнының қызметкерлеріне өзімен бірге байланыс және электрондық-есептеу техникаларын алуға және пайдалануға тыйымсалынады.

19. Шығармашылық емтихан басталғаннан кейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеуге ұсынылған тәртіптер түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыттары, нәтижелерді жариялаудың және апелляция өткізудің уақыты мен орны көрсетіледі.

20. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды:

- емтихан алушының көрсеткен орынға отыру;
- тыныштық сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушымен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;
- аудиторияда жүрмеу, басқа орынға отырмау;
- шығармашылық емтиханның аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.

21. Осы қағидаларды бұзған жағдайда талапкер аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан жұмысының титулдық парағына емтихан алушының қолымен расталған шығару себебі туралы жазылады. Талапкердің бұл жұмысы жойылады.

22. Талапкер дәлелді себептермен емтиханға кешігіп немесе келмеген жағдайда ол шығармашылық емтиханды жазбаша өтініші мен шығармашылық емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептерін растайтын құжаттарды ұсынуы негізінде ректордың рұқсаты бойынша бекітілген кесте шеңберінде басқа уақытта тапсыруға жіберіледі.

23. Шығармашылық емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептер мыналар болып табылады:

- талапкердің ауырып қалуы (емдеу мекемесінен ауырып қалғандығы туралы анықтаманы ұсынумен расталады, анықтама емдеу мекемесінің мөрімен бекітіледі);
- төтенше жағдайлар, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы (мемлекеттік мекемеден төтенше жағдайдың немесе жол-көлік оқиғасының болу фактісін

айғақтайтын анықтама ұсынумен расталады).

24. Дәлелді себептер бойынша шығармашылық емтиханға келмеген тұлғалар оған шығармашылық емтихандарды өткізу мерзімінен кешіктірілмей қосымша анықталған күніжіберіледі.

25. Дәлелсіз себептермен шығармашылық емтиханға келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

26. Шығармашылық емтиханға қайта қатысуға және қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

27. Емтихан жұмыстарын тексеру тек жоғары оқу орнының ғимаратында жүргізіледі.

28. Шығармашылық жұмыстарды тексеруді тек пәндік комиссияның мүшелері жүргізеді.

29. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары еркін нысандағы бағалау ведомосымен және пәндік комиссия хаттамасымен ресімделеді.

30. Шығармашылық емтиханның қорытындысы ведомостпен және пәндік комиссияның хаттамасымен ресімделеді.

31. Емтихан алушымен сарапталған жоғары және төмен балл жинаған және 5% қалған жұмыстарын пәндік комиссияның төрағасы емтихан жұмыстарын қосымша тексереді.

32. Тексерілген жұмыстар, бағалау ведомостері және бағалары мен тексеруші емтихан қабылдаушылардың, пәндік комиссиясы төрағасының қолдары қойылған хаттамалар жауапты хатшыға (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі.

33. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткеннен кейін келесі күні хабарланады.

34. Талаптарды сақтауды және шығармашылық емтихандарды бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешуді, емтихан өткізу кезеңінде шығармашылық емтихандар тапсырушы тұлғалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

35. Апелляциялық комиссия шығармашылық емтиханның нәтижелерімен келіспейтін тұлғалардың өтінімдерін қарастыру үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Нұр-Мұбарак ЕИМУ ректордың бұйрығымен бекітіледі.

36. Апелляцияға өтінімді апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырушы тұлға жеке береді. Өтінім шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күнішінде қарастырады.

37. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның өтінімі апелляцияға қарастырылмайды.

38. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссиясының жұмысы төрағаның және комиссия мүшелерінің барлығының

колы қойылған хаттамамен ресімделеді.

39. Шығармашылық мамандықтарға түсетін тұлғалар тестілеудің екі пәнінің ұпайы есептеледі: оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы.

40. Шығармашылық емтихан қабылдаудың балдық жүйесі

Әріптік баға	Балдың сандық эквиваленті	Балл саны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	5	25-30	өте жақсы
B+	4	20-24	жақсы
C+	3	15-19	қанағаттанарлық

2. Нормативтік талаптар

«Исламтану» мамандығы қоғамдық маңыздылығы бар феномен ретінде жалпы жүйелік білім беретін пәндер қатарына жатады.

Түсу емтихандарының бағдарламасы мен тапсырмалары шығармашылық қабілеттері бар, алғашқы діни сауатқа ие тұлғаларды толық таңдау мақсатында құрылған.

Осы мамандықтарға түсу үшін талапкерлер арнайы пәндер бойынша 2 шығармашылық емтихан тапсырады:

1. Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу;
2. Ислам негіздері бойынша ауызша емтихан.

Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесуден талапкердің діни білім деңгейі дайындығының деңгейін бағалауға, сонымен қатар, ең маңыздысы, қабілетті және талантты талапкерлерді таңдап алуға мүмкіндік береді.

Ислам негіздері бойынша ауызша емтихан талапкерлердің берілген бастапқы исламтанушылық қабілеттерін айқындауға, олардың діни білімдерін толық көрсетуге мүмкіндіктерін береді.

Бірінші емтихан/тур/- Сұхбаттасу

Комиссия мүшелерінің қатысуымен шығармашылық/арнаулы/ емтиханның бірінші туры - әр талапкермен әңгімелесу түрінде өтеді. Талапкерлермен әңгімелесу келесі бағыттарда жүргізіледі:

- 1) болашақ мамандықты таңдау себебі;
- 2) талапкердің діни білім алған жері, ұстаздары туралы;
- 3) талапкерлердің мешіттер мен түрлі жамағаттармен байланысы туралы;
- 4) оқуға түсушінің мазхаб туралы ойы;
- 5) ақидалық ұстанымы туралы;
- 6) Қазақстанның діни-рухани өмірінің келелі мәселелері туралы;

Ислам негіздері бойынша ауызша емтиханға арналған сұрақтар:

1. Иманның рүкіні нешеу? Имам Әбу Ханифа мен Матуридиде айырмашылық барма?
2. Имам Әбу Ханифаның ақидаға байланысты қандай еңбектері бар?
3. Ақида ілімінің негізін қалаушы?
4. Имам Әбу Ханифа мұташәбиһ аят-хадистерге тәуил жасаған ба?
5. Тафуид жасаудың үкімі қандай?
6. Исра мен Миғраж оқиғасының қандай айырмашылығы бар?
7. Алланың сипаттары Матуридидерде нешеге бөлінеді?
8. Сәләфит (әл-Уахабия) ағымы өкілдерінің мұташәбиһ аят-хадистерге қатысты ұстанымдары қандай?
9. Субути сипаттардың анықтамасы қандай? Жәненешеу?
10. Муржиялар иманның рүкіні біреу – тілмен айту дейді және оған қандай дәлелді алғатартады?
11. Зати сипаттардың анықтамасы қандай? Жәненешеу?
12. Не үшін Ашғарилер тәкуин сипатын жеке сипат ретінде қарастырмайды?
13. Жәннатта мүміндердің Алланы көруі?
14. Фиғли сипаттардың анықтамасы қандай?
15. Матуридидер мен Ашғарилерде фиғли сипатқа байланысты қандай айырмашылық бар?
16. Пайғамбарларға (ғ.с) не нәрсе жайз (рұқсат) болады? және оның дәлелі қандай?
17. Улул азым елшілер қанша және олардың аттары натаңыз?
18. Мұғтазилиттер не үшін субути сипаттарды Аллаға бекітпейді?
19. Исра оқиғасына иман келтірудің үкімі қандай? Мойындамаған адам кім болады?
20. Пайғамбарлардың (ғ.с) хақына жалған сөйлеудің үкімі қандай? Және осыған байланысты ақыли дәлел келтіріңіз?
21. «Жария» хадисіне байланысты басқада қандай риуаяттар келген? бұл хадиске байланысты қандай тұжырым жасаймыз?
22. Әһлү-сүннетте қабір азабын мойындамаған адамға қандай үкім береді?
23. Елшілер мен пайғамбарлардың (ғ.с) айырмашылықтары бар ма?
24. Миғраж оқиғасын мойындамаған адамның үкімі қандай?
25. Имам Тахауидің толық аты-жөні кім? Және ақида еңбегінің толық атауы қандай? Және Имам қай кезеңге жатады? (Сәләф, халаф).
26. Құранда қанша пайғамбардың (ғ.с) аты аталаған? Толық атап көрсетіңіз? Қызыр, Лұқман, Зұлқарнайын пайғамбарлар санатына жата ма?
27. Пайғамбарларға (ғ.с) уәжіб болған сипаттар нешеу және дәлелімен атап көрсетіңіз?
28. Алла тағала жауһар, жисм, арад емес дейді, бұған қандай дәлел бар?
29. Амалдың өлшенуін кімдер мойындамайды?
30. Имам Әбу Ханифаның ақида саласында жазылған еңбектерін атаңыз?
31. Жындардың мұсылман, кәпірлері бол ма? Дәлелі қандай?

32. Шірік амалы кешіріледіме? Дәлелі қандай? Шірік келтірген адамның тәубесі қабыл боладыма?
33. Матуридилерирадаменмәшияныңарасындаайырмашылықбардейді, ол қандай айырмашылық? Ашғарилар бұл екі сипат жайлы недейді?
34. Истиснә фил-иман дегеніміз не? Бұл жайында Ашғарилар қандай тұжырымдамабереді?
35. «Табсиратул әдилла» атты ақида кітабы кімніңеңбегі?
36. Ирада дегеніміз не? Алланың күнәні қалауын қалайтүсіндіреміз?
37. Әс-салах уәл ислах дегеніміз не? Кімдердің тұжырымы? Және бұл дұрыспа?
38. Иләһият, Нубуат, Самғият дегенімізне?
39. Пендеде ықтияр-қалау барма?
40. Пенде амалын өзі жаратама?
41. Хабари сипаттар дегенімізне?
42. Ашғарилер әйел пайғамбардың болуын жәйздейді, Матуридилер бұл жайында қандай тұжырымжасайды?
43. Уәжіб дарури, назари дегеніміз не? Мысалкелтіріңіз?
44. Ақидада тек мұтауәтир хадистер алынады дейді, ахад хабармен келген сенім мәселелерін қалайтүсіндіреміз?
45. Пенде істерінде мәжбүрлі, яғни таңдауы жоқ деп кімдерайтады?
46. Пенденің бақытты, бақытсыз болуы неменанықталады?
47. «Алла аспанда ма жерде ме білмеймін деген адам діннен шығады» деген Әбу Ханифаның осы сөзін қалай түсіндіругеболады?
48. Тағдыр мен қаза дегеніміз не? «Қада уәл-қадар»
49. ҚияметтеАлланыкөрүбүкіладамзатқатиселімеәлдетекмомындарғана көре ме?
50. Жақсы жаман нәрсе ақылмен анықталады деп кімдерайтады?
51. Парыз намазда фатиха оқудыңүкімі?
52. Намазда «Тәшәһһуд» дұғасын оқудыңүкімі?
53. Сапардағы адам үшін мәсіге мәсіх тарту мерзіміқанша?
54. Хайыз бен нифас кезінде намаз оқудыңүкімі?
55. Намазда өзге еститіндей етіп күлудің үкімі?
56. Намаздың парыздығын мойындап, орындамаған адамныңүкімі?
57. Ит ішкен судыңүкімі?
58. Денеден қан ақса, дәрет бұзыладыма?
59. Мәкрүһ дегенімізне?
60. Дәретке ниет етудіңүкімі
61. Истинжа дегенімізне?
62. Ер кісініңәуреті
63. Намазда жаттаған сүреге қарап оқудыңүкімі
64. Намазда ноқат көлеміндей тамақ қалдығын жұтуүкімі?
65. Дәретті бұзбайтынжағдайлар?
66. Ғұсылдыңсүннеттері?
67. Таяммум қандай жағдайда алынады?
68. Құныт дұғасын жатқа айтып беріңіз?
69. Мәйтке ғұсыл құйындыруүкімі?

70. Ғұсылдың рукіндерін атаңыз.
71. Парыз кифая дегенне?
72. Ораза тұту уақыты қашан басталады?
73. Рамазан каффараты мен зиһар каффаратының айырмашылығы неде?
74. Қателікпен кісі өлтірудің жазасы қандай?
75. Нәпілді уәжіп ететін жағдай?
76. Иғтикаф ғибадаты туралы айтып беріңіз?
77. Жұма намазы кімдерге парыз емес?
78. Тәшриқ тәкбірлері қай күндерде айтылады?
79. Мәсіге мәсіх тартудың шарттарын айтыңыз?
80. Әйел кісінің әуреті?
81. Ақшамнан бесіннің алдына дейінгі ниет қай оразаға жарамды?
82. Ораза тұтуға кедергі болатын нәрселер?
83. Күн батты деп білместіктен ауыз ашудың үкімі?
84. Рамазан оразасын ниетпей рамазан айында ораза тұтса үкімі қандай?
85. Ораза тұтпағанға тарауих намазын оқудың үкімі?
86. Оразада топырақ, шикі күріш т.б. жеудің үкімі қандай?
87. Бесінге дейін ниет етуге болатын оразаларды атаңыз.
88. Құрбан айтта ораза тұтудың үкімі қандай?
89. Каффарат өтеуде реттілікті сақтаудың үкімі қандай?
90. Еріксіз құсқан адамның оразасы бұзылады ма?
91. Намазды жамағатпен оқудың үкімі?
92. Сәһу сәждесі қандай жағдайда жасалмайды?
93. Тіләуәт сәждесін түсіндіріңіз?
94. Жаназа оқылмай көмілгенге қандай жағдайда жаназа оқуға болады?
95. Парыз оразалардың үшеуін атаңыз?
96. Оразаның парыздығына аят пен хадистен дәлел келтіріңіз?
97. Қайғылы үйге көңіл айтудың үкімі?
98. Ораза каффараты дегенде?
99. Күмәнді күн деп қайсы күнге айтылады?
100. Кімдерге Рамазан айының оразасын ұстамауға рұқсат етіледі?

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Негізгі әдебиеттір:

1. И. Сейітбеков, Иман негіздері, А., 2010
2. Қ. Жолдыбайұлы, Ақиқат шуағы, А.
3. Ш. Әділбаева, Сүннет салтымыз, хадис ғұрыпымыз. Алматы. 2011 ж. 280 бет.
4. Әділбаева Ш., Саңлақ сахабалар, Алматы, 2005 ж
5. Д. Өмірзаққызы, Адамзаттың Асыл Тәжі, А., 2006
6. Әділбаев Алау, Кемелдік кілті, «Нұр-Мұбарак» баспасы, Алматы, 2008 ж.
7. Н.С. Анарбаев, Е. Қарақұлов. Ислам ғылымхалы (ханафи мазһабы бойынша). – Алматы: 2017. – 704 б.

8. М.Исаұлы, Қ.Жолдыбайұлы, Ислам Ғылымхалы, А., 2006
9. Р.С. Мухитдинов. Фикһ әл-ғибадат
10. Н.С. Анарбаев. Садақа және зекет. – Алматы: 2014. – 168 б.
11. Ризабек Батталұлы. Ақида Сабақтары. – Алматы: Ыхлас баспасы, 2015
12. Ержан Қалмақан. Пайғамбарларға иман. – Алматы
13. Сәбит Ибадуллаев. Ақида. – Алматы: Гибрат баспасы, 2009.
- 14.Сымайыл Сейтбек. Мәзһабтар тарихы. – Алматы: Көкжиек баспасы, 2012.
- 15.Е. Ақатаев, Ислам ғибадаты, I том, Алматы: Дәуір, 2012 ж
16. Әкімханов Асқар. Әбу Мансур әл-Матуриди және оның иман мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдары. – Алматы: 2019.

Қосымша:

1. Ә. Дербісәлиев, Қазақ даласының жұлдыздары, А., 1995
2. Ш. Әділбаева, Сүннет салтымыз, хадис ғұрыпымыз, А., 2009 ж.
3. А. Әділбаев, Ш. Әділбаева, Имам Әбу Ханифа және ханафи мәзһабы, А., 2011
4. М. Исаұлы, Құран кімнің сөзі, А., 2006
5. Сейтбеков И., Нысанбаев С., Ислам тарихы, Шымкент,
6. М. Исахан. Мазһаптар тарихы (саяи, сенімдік, фыкһтық негіздер бойынша), Алматы, 2006.